

Ы.АЛТЫНСАРИН ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛЫҚ ІЛІМІНІҢ АЯСЫНДА

¹Р.Е. Джуншеев, ²Э.Д.Қуандықова, ³Г.К.Мусабекова

АҢДАТПА

Мақалада қазақ ағартушылық ілімінің қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері қарастырылып, соның аясында Ы.Алтынсариннің рухани мұрасын сараптау мақсаты қойылады. Ы.Алтынсарин қазақ ағартушылық ілімінің белді өкілі ретінде тұжырымдалады.

Ағартушылық ілімдерде адамзаттың идеялық және теориялық дамуы тәжірибесінің элементтері де, сонымен бірге, ұлттық өзіндік сананың ерекше белгілері де жинақталғандығы көрсетілген. Жалпы ағартушылық контекстінде Ы.Алтынсариннің ағартушылығы ілімін қарастыра отыра, оның рухани шығармашылығының мәні мен ерекшеліктерін анықтай да айқындай түсуге болатындығы айтылады. Автор қазақ ағартушылығын саралаудың жаңа әдіснамалық тақырыпты кешенді қарастыру, жүйелік-проблемалық зерттеу және салыстырмалы-тарихи талдау сияқты принциптерін қолдана отыра, Ы.Алтынсариннің қарастырған әлеуметтік-этикалық және философиялық мәселелерінің жалпы ағартушылық ілімдер мәселелерімен ортақтығын көрсетеді. Олар, адам және гуманизм, ақыл-ойды дәріптеу, қоғамдық прогресс мәселелері.

Сонымен қатар, Ы.Алтынсариннің ағартушылық ілімінің де өзіндік ерекшеліктері айқындалған. Қазақ ойшылдары қабылдаған басқа халықтардың озық идеялары соңғысының дәл қайталануы бола алмайтындығы, олардың дәуірдің ерекшеліктеріне, әлеуметтік-экономикалық қатынастарға, ұлттық мәдениетке сәйкес сөзсіз өзгеріске ұшырайтындығы ашып көрсетілген. Қорытындыда, Ы.Алтынсариннің рухани мұрасының біздің заманымыз үшін де тағылымды және өзекті екендігі көрсетілген.

Түйін сөздер: ағартушылық, қазақ ағартушылығы, ұлттық мәдениет, орыс ағартушылығы, француз ағартушылығы, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев.

^{1,2,3} М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Г.К. Мусабекова,
mgm_7@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Джуншеев Р.Е.,
Қуандықова Э.Д.,
Мусабекова Г.К.
Ы.Алтынсарин қазақ ағартушылық ілімінің аясында // Адам әлемі. – 2023. – № 3 (97). – Б. 34-44.

И.Алтынсарин в контексте учения казахского просвещения

Аннотация. В статье рассматриваются особенности становления и развития казахского просветительства, в рамках которого и дается анализ духовного наследия И. Алтынсарина. И. Алтынсарин позиционируется как яркий представитель казахского просветительского учения. Показано, что в учениях просвещения содержатся как элементы опыта идейно-теоретического развития человечества, так и специфические черты национального самосознания. Отмечается, что, определить сущность и особенности духовного творчества И. Алтынсарина можно, рассматривая его только в контексте просвещения вообще. Используя новые методологические принципы анализа казахского просвещения, такие как, комплексный подход к теме, системно-проблемное рассмотрение и сравнительно-исторический анализ, автор показывает общность социально-этических и философских вопросов, рассматриваемых И. Алтынсариним с просветительскими учениями других стран. Это вопросы человека и гуманизма, популяризации разума, общественного прогресса.

Кроме того, выявлены особенности просвещения И. Алтынсарина. Очевидно, что лучшие идеи других народов, воспринятые казахскими мыслителями, не могут быть точной копией

последних, они неизбежно будут видоизменяться в соответствии со спецификой эпохи, социально-экономических отношений, национальной культуры. В заключение показано, что духовное наследие И. Алтынсарина поучительно и актуально для нашего времени.

Ключевые слова: просвещение, казахское просвещение, национальная культура, русское просвещение, французское просвещение, И.Алтынсарин, А. Кунанбаев.

I. Altynsarin in the Context of the Teachings of the Kazakh Enlightenment

Abstract. The article discusses the features of the formation and development of the Kazakh enlightenment, within the framework of which an analysis of the spiritual heritage of I. Altynsarin is given. I. Altynsarin is positioned as a bright representative of the Kazakh educational teachings.

It is shown that the teachings of enlightenment contain both elements of the experience of the ideological and theoretical development of mankind, as well as specific features of national self-consciousness. It is noted that it is possible to determine the essence and features of the spiritual creativity of I. Altynsarin, considering it only in the context of education in general. Using new methodological principles for the analysis of Kazakh education, such as an integrated approach to the topic, systemic and problematic consideration and comparative historical analysis, the author shows the commonality of social, ethical and philosophical issues considered by I. Altynsarin with the educational teachings of other countries. These are questions of man and humanism, the popularization of reason, and social progress.

In addition, the features of I. Altynsarin's education were revealed. Obviously, the best ideas of other peoples, perceived by Kazakh thinkers, cannot be an exact copy of the latter, they will inevitably change in accordance with the specifics of the era, socio-economic relations, and national culture. In conclusion, it is shown that the spiritual heritage of I. Altynsarin is instructive and relevant for our time.

Key words: Enlightenment, Kazakh Enlightenment, National Culture, Russian Enlightenment, French Enlightenment, I. Altynsarin, A. Kunanbayev.

Kіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысында, қазақ халқының тарихи тағдыры үшін үлкен маңызға ие болған, Қазақстанның Ресейге қосылу процесі аяқталды. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында Қазақ даласы Ресейдің экономикалық және саяси өміріне барынша тартыла бастады. Патшалық Ресейдің XIX ғасырдың басынан бастап жүргізген далалық аймақты отарлау саясаты елдің саяси тәуелсіздігінің жойылуына, қоғамның әлеуметтік жіктелуінің күшеюіне, ақша мен тауар қатынастарының жартылай көшпелі елге одан сайын батыл енуіне, әлеуметтік-экономикалық құрылымның өзгеруіне, әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуіне әкелді және қауымдық-рулық болмыстың дағдарысына себеп болды.

Экономика мен қоғамдық өмірдегі үлкен өзгерістермен қатар мәдениет пен ағарту саласында да өзгерістер орын алды. Қазақстанның Ресейге қосылуының маңызды прогрессивті салдарының бірі қазақ халқының орыстың бай мәдениетімен танысуы болды. Патша өкіметі мен жергілікті феодалдардың қалың бұқараны қараңғылық пен надандықта ұстауға деген ұмтылысына

қайшы, озық орыс мәдениеті қазақ даласына еніп, қазақ халқының мәдени өсуіне, оның прогрессивті өкілдерінің санасының дами түсуіне әкелді. Ғарифолла Есім: «Қазақ даласын тың идеялар жайлады: бұл діни идеология мен саяси жер аударылған демократтардың идеологиясы. Сауаттылар батыс және орыс мәдениетімен танысуға мүмкіндік алды. Ояну дәуірі басталды» [1, 56 б.] - деп зерделейді.

XIX ғасырдың екінші жартысында прогрессивті орыс мәдениетінің игі ықпалымен Қазақстанда қоғамдық ойдың жаңа бағыты – ағартушылық дүниеге келді. Өлкеде ағартушылықтың пайда болуы мен қалыптасуы жергілікті қоғамның өзекті қажеттіліктерін қанағаттандыратын табиғи және заңды құбылыс болды. Жоғарыда атап өткеніміздей, осы уақыттан бастап патриархалдық-феодалдық қоғамның дағдарысының күшеюі және оның Ресей құрамына көбірек ене бастауы байқалады.

Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер рухани мәдениеттің жаңаруына, оның идеологиялық қайта қарулануына ықпал етеді. Бұл процестің дүниетанымдық негізі болып ағартушылық ілімі табылды.

Қазақ ағартушылығының қалыптасуы алдыңғы қатарлы ұлттық мәдениеттің қалыптасуымен, ұлттық болмыстың пай-

да болуымен тікелей байланысты болды. Қазақ ағартушылығы жалпы ағартушылықтың тарихи өмір сүруінің нақты, ұлттық формаларының бірі.

Маңызды әлеуметтік өзгерістердің қажеттілігі туындаған жерлерде басқа халықтармен, озық әлеуметтік практикамен идеологиялық байланыстар орнатуға және осы негізде қоғамдық ғылымның одан әрі дамуына баса назар аударылады.

Бірақ қазақ ойшылдары игерген басқа халықтардың озық идеялары қазақ қоғамының ерекшеліктеріне, оның экономикалық даму деңгейіне, таптық қатынастарына, ұлттық дәстүрлеріне, идеялық көздеріне сәйкес сөзсіз трансформацияға ұшырайды. «Ресей мен Батыс Еуропадағы көптеген ағартушылық қозғалыстарымен тұспатұс келген Қазақстандағы ағартушылықтың қазақ халқының тарихи және ұлттық дамуына, оның рухани әлеміне негізделген өзіндік ерекшеліктері болды» [2, б. 6].

Зерттеліп отырған кезеңде қазақ халқының арасында қараңғылық пен надандыққа қарсы, еңбекші бұқараны аяусыз қанауымен және оларды адамгершілік жолынан тайдыра бастауымен көрінген, адамдарды азғындауға әкелетін, халықты мәңгі құлдықта ұстауға ұмтылатын үстем таптардың озбырлығына төзе алмаған озық көзқарастағы адамдар пайда болды. Қаналушы бұқараның, қазақ шаруасының наразылығы, олардың қоғамдық құрылысты өзгертуге деген ұмтылысы ағартушылардың шығармаларында идеологиялық көрініс тапты. Сол кезеңдегі қазақ ағартушылығының көрнекті өкілдерінің бірі – Ы.Алтынсарин.

Әдіснамасы

Егемен Қазақстанның қазіргі заманғы тарихи дамуы және бүкіл әлемді қамтыған жаһандану үдерістері зерттеушілер алдына жаңа міндеттер қойып отыр: әртүрлі халықтар ілімдерінің өзара байланысы мен өзара ықпалын қарастыру, оның контекстінде әрбір ұлттық ағартушылық ілімнің жалпы және ерекше белгілерін анықтау. Қазақ ағартушылығын зерделеу міндетті түрде оны жалпы ағартушылық идеологиясы призмасы арқылы жүйелі әрі

кешенді түрде түсінуді қажет етеді. Тарихнамалық талдау Қазақстанның XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы қоғамдық-философиялық ілімдерінің тарихын зерттеу әлі күнге дейін проблемалық – тақырыптық қағидат бойынша емес, көбінесе тұлғалар бойынша жүргізілгенін және жүргізіліп келе жатқанын көрсетеді. Зерттеуде осы қағидатты қолдану, ал тұлғаларды осы қағидатқа сүйене отыра және оның аясында қарастыру, біздің ойымызша, олардың шығармашылығының мәні мен барабар мазмұнын айқынырақ көрсетуге мүмкіндік береді және кезек күттірмейтін міндет болып табылады.

Осы мақалада автор жоғарыда аталған мәселені шешуге өз үлесін қосуға тырысып, бұл мәселені Ы.Алтынсарин шығармашылығы мысалында қарастырады.

Авторлардың қазақ ағартушылығын талдауы әдіснамалық тұрғыда жаңашылдығымен көрінеді. Оның зерттеулері тақырыпты кешенді қарастыруға және жүйелік-проблемалық зерттеуге негізделген.

Негізгі бөлім

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Қазақстан ағартушылығында феодалдық қоғамдық құрылыстың дағдарысы және буржуазиялық қатынастардың қалыптасуы кезеңінің прогрессивті идеологиясы ретінде жалпы ағартушылыққа тән белгілер көрініс тапты.

«Орыс ағартушылығы», «француз ағартушылығы», «қазақ ағартушылығы» және т.б. қоғамдық-саяси әдебиеттерде кең таралған және үйреншікті ұғымдарға айналды. Ағартушылық ілімінің әмбебап, әлемдік ауқымдағы құбылыс ретіндегі кейбір жалпы, өзіне тән белгілері белгілі бір дәрежеде нақтыланған жағдайда ғана бұл ерекшеліктерді түсіндіру мүмкін болады.

Айта кету керек, белгілі бір ұлттық жағдаятта туындайтын кез келген ілім өзінің мәні бойынша халықаралық. Бұл ең алдымен ұлттық емес, нақты айтқанда, әлеуметтік және осы мағынада ұлттықтан жоғары проблемаларды, яғни шешуді қажет ететін және таптардың идеологиялық күресінде көрініс тапқан халықтардың назарын аударар

тын буржуазиялық әлеуметтік қатынастардың қалыптасу дәуіріндегі түбегейлі әлеуметтік мәселелерді тудырады. Бұл феодализмге қарсы, орта ғасырдың барлық қалдықтарына қарсы күрес мәселесі. Қазақ ағартушылығы басқа елдердегі ағартушылық концепциялар сияқты патриархалдық-феодалдық қатынастарды идеологиялық тұрғыдан жеңудің бір түрі ретінде дамыды. Ф.Энгельс: «Олар (яғни Д.Р.- ағартушылар) қандай да бір сыртқы билікті мойындамады. Дін, табиғатты түсіну, қоғам, саяси жүйе – бәрі де ең қатал сынға ұшырады, бәрі де парасат сотының алдына шығып, не өзінің бар екенін дәлелдеуге, не одан бас тартуға мәжбүр болды. Ойлы зерде бар нәрсенің бірден-бір өлшеміне айналды» [3, 16 б.] деп баға берді.

Ф.Энгельстің француз ағартушылығына қатысты берген түсініктемесін кейбір ескертулермен қазақ ағартушылығының мазмұнына да қолдануға болады. Қазақ ағартушылары патриархалдық-феодалдық құрылыс тудырған қоғамдық өмірдің ақауларын батыл сынауға өзінің бар күш-жігері мен шығармашылық мүмкіндіктерін бағыттады, оның далалық өлкенің одан әрі дамуына кедергі, қоғамдық прогрестің тежеушісі болғанын көрсетті. Халықтың мүддесін қорғай отырып, олар патриархалдық-феодалдық қатынастардың жойылуы бүкіл қазақ халқына бақыт пен береке әкеледі деп қызу сенді. Ал бұл мақсатқа жетудің құралдары ағартушылық, өзін-өзі басқару, еркіндік пен орыс халқымен жақындасу, орыс тілін игеру және орыстың озық мәдениетін меңгеру деп санады.

Ағартушылар міндеттерінің қоғамдық-саяси бағыттағы ортақтығы да әлеуметтік-саяси идеялардың негіздемесі болып табылатын философиялық және социологиялық сипаттағы мәселелердің ортақтығын тудырады. Жалпы философиялық тұрғыдан алғанда, бұл ағартушылық рационализмінің мәселелері, шындықты тану мүмкіндігі және тану жолдары туралы, дінге қарсы күрес және ғылым мен философияны қорғау, ал социологиялық тұрғыда адам және гуманизм мәселесі, адам және қоғам, әлеуметтік прогресс, адам мен қоғамды

этикалық тұрғыдан зерделеу.

Орыс және француз ағартушыларымен бірге Қазақстан ағартушылары үшін де, адам мен табиғаттың бірлігі қағидасы бастапқы болып табылды: адам барлық басқа тіршілік иелері сияқты табиғаттың бір бөлігі ретінде қарастырылды. Бірақ олар оны табиғаттан ерекшелейді. Адамның басқа тіршілік иелерінен, оның ішінде жоғарғы жануарлардан айырмашылығы – ойлау, идеяларды қабылдау қабілеті. Адам жануарларға ұқсамайтын саналы тіршілік иесі. Жалпы қазақ ойшылдарына тән өзіндік ойлау тәсілі мәселені қарастырудағы кемшіліктерін де айқындап берді. Қазақ ойшылдары адам мен жануардың айырмашылығын негізінен «сандық» тұрғыдан қарастырады. Олар біріншінің екіншісінен ерекшелігі мен белгілі бір артықшылықтарын айтумен ғана шектеліп, адам мен жануардың сапалық айырмашылығын, табиғаттан шығып, адамның жаңа, дамудың жоғары сатысы болғандығын жете түсіне алмады.. Осы тұрғы әсіресе Ыбырайдың «Айуанның естісі көп, бірақ адамдай толық ақылы жоқ» [4, 107-108 бб.] әңгімесінде айқын көрінеді.

Бұл француз материалистерімен салыстырғанда қазақ ағартушыларының «табиғат – адам», «жануар – адам» концепциясының шектеулілігі: соңғылары адамның шығу тегі туралы мәселені нақты, айқын түрде көтереді, оны табиғаттың заңдылықтар арқылы даму идеясының аясында түсіндіруге талпынады.

Осы кемшіліктерге қарамастан, ол жалпы дінге қарсы бағыттылығымен қазақ қоғамдық ойының дамуы үшін үлкен маңызға ие болды. Патриархалдық-феодалдық жүйе, мұсылман идеологиясының күшті ықпалы жағдайында адамды шынайы қажеттіліктері мен мүдделері бар таза жер тіршілік иесі ретінде қарастыру қазақ ойшылдарының өмірді растайтын, гуманистік ілімдерді жасауында үлкен рөл атқарды. Бұл олардың антропологиялық принципінің күшті жағы.

Олар әлі адамның әлеуметтік табиғаты туралы тікелей айтпайды. Сонымен қатар, оның қоғамда өмір сүру процесінде алған адами қасиеттерінің болуы тура-

лы болжам, олар тұлғаны және оның парасаттылық, өзіндік сана, жарату, жасау қабілеттілігі, табиғат құпияларын танып білу сияқты қасиеттерін қалыптастыратын фактор ретінде әлеуметтік ортаны және тәрбиені алға тартқанда айқын көрінеді. Сыртқы факторлардың жиынтығынан Абай да, Ыбырай да тәрбиеге бас-ты орын берген. Тәрбие – «адам болмысының» бастапқы, туа біткен қасиеттерін дамытуға мүмкіндік беретін және адамның саналы болмыс ретінде қалыптасуына жетелейтін нәрсе. Т.Ғабитов Ыбырайдың тәрбиелік іс-әрекеттерін сипаттай отыра былай деп жазды: «Жастарды инабаттылық пен адамгершілікке тәрбиелейтін Ыбырайдың шығармалары ерекше орын алады. Еңбекті сүю, үлкенді құрметтеу, мейірімділік, кішіпейілділік сияқты қасиетті қырда өскен балаларға түсінікті болатындай әңгіме, мысалдар арқылы жеткізе білді» [5, 107 б.].

Ақыл ғана емес, адам бойындағы басқа да ізгі қасиеттер адамдық еңбексүйгіштік, өзіне деген сенімділік, т.б. - тәрбие нәтижелері.

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» - деп жазады Абай [6, 66 б.]. Мұндағы бастапқы тезис әр адамның бірдей ақыл-ой, физикалық және адамгершілік қабілеттеріне негіз-делген адамдардың бастапқы теңдігі туралы тезис болып табылады.

Адамдардың табиғи немесе туа біткен теңдігі идеясына сенімділігін мәлімдей отыра, Ыбырай Алтынсарин:

«Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым,

Тең етті бәрімізге күн мен айын.

Адамның адам біткен баласымыз,

Қайсың бөлек тудың деп айырайын!» [4, 9 б.] - дейді. Барлығына бірдей қабілеттілік бірдей интеллектуалдық, физикалық және моральдық дамуға қол жеткізудің міндетті шарты болып табылады. Шын мәнінде, адамдардың теңсіздігі барлық жағынан байқалады. Мұның себебі неде? Қазақ ағартушыларының бірауызды пікірі бойынша ол әр түрлі тәрбиеде жатыр.

Ы.Алтынсарин «Бақша ағаштары» әңгімесіндегі [4, 70-71 бб.] тәрбие нәтижелерін сәйкесінше жақсы және нашар «бағып-

қағуға» ие тік өсетін және қисық өсетін ағаштармен салыстыра отырып, жас жеткіншектің «жақсы түзік кісі» болуы үшін тәрбие керек деген қорытындыға келеді. Сондықтан да қазақ ағартушылары көптеген еңбектерінде бала тәрбиесіне ата-ананың жауапкершілігі туралы туралы ой қозғайды. Бұл жауапкершілік өзіне тәрбиеші ретінде талап қояды да қамтиды: адам тәрбиелеуден бұрын өзін тәрбиелеу керек, өйткені «ондай баланы сендей әке ...асырап өсірмек пе екен?» [4, 48 б.].

Жастарды озық халықтардан, ең алдымен орыс халқынан үйренуге шақыра отырып, ағартушылар қазақ халқының жағымды дәстүрлерін сақтап, дамытуды маңызды деп санады Мәселен, Ы.Алтынсарин қазақ малшыларының ғасырлар бойы жинақтаған еңбек дағдыларын үйрену және дамыту қажеттілігіне назар аударады, өйткені «... ешқандай ауыл шаруашылығы академиялары қазақтай малшы дайындай алмайды. Россияның құдыретін оның жақсы жауынгері, тамаша диқаны және талантты бақташысы арқылы сезінетін европалық дипломатия үшін бұл малшы жұмбақ қызғаныш тудырады» [4, 163 б.].

Ақылға сай, ақылмен дәлелденген қоғам – ағартушылардың басты мұраты. Олар қоғамдық өмірді ақылға қонымды негізде немесе халық арасында білімді біртіндеп тарату арқылы қайта құру мүмкіндігіне кәміл сенімде болды. Демек, жеке адамды ғана емес, қоғамды, әлеуметтік шындықты қазақ ағартушылары «адам табиғатына» сүйене отырып бағалады. Ағартушылар адамның абстрактілі табиғатын адамның қоғамдық өмірінің тұжырымдамасын құру, қоғам идеалын қалыптастыру үшін жеткілікті деп есептеді. Бұл тұрғының қисыны мынадай: әлеуметтік құрылымның артықшылығы немесе кемшілігі бар қоғамдық организмнің адамның, оның болмысының негізгі қасиеттеріне сәйкестігі немесе сәйкес келмеуі арқылы анықталады. Мәні адамның мәніне қайшы келетін қоғам «адам табиғатының» талаптарына сәйкес ақылмен өзгертілуі керек. Нақты-рақ айтсақ, бұл тұжырымдаманың патриархалдық-феодалдық жүйеге қарсы бағытталғандығы даусыз. Қазақ ағартушы-ларының адам туралы ілімінің

функционалдық ерекшелігі (әлеуметтік тұрғыдан алғанда) осында.

Қазақ халқына артта қалушылық пен надандықты жеңіп, қазіргі өркениетінің жемісін көруді тәлей отыра, қазақ ағартушылары да, жалпы ағартушылыққа тән қоғамдық прогресс мәселесін орталық мәселелердің бірі ретінде алға қойды. «Осы философиялық мәселелерді оңды шешуге ұмтылған ойшылдарға келетін болсақ, олар ақыр соңында әлеуметтік мәселелерді түбегейлі шешу қажеттілігін түсінеді» [7, 53 б.], - деп жазды Т.И. Ойзерман. Ш.Уәлиханов қоғамдық дамудың төменгі және жоғарғы сатыларын айқын ажырата отырып, ол халық үшін экономикалық және мәдени прогрестің оңтайлы жолын үнемі іздестірді. Қоғамдық прогресс идеясы Ы.Алтынсарин шығармаларында да кеңінен талқыланады. Ол «Қазақ даласындағы аштық туралы» атты мақаласында қоғамдық прогресті объективті, табиғи құбылыс деп түсіндіреді. Қазақ қоғамы, Алтынсариннің пайымдауынша, «табиғи бір талабымен ғана» дамып, шаруашылықтың ескі формаларынан қоғамдық дамудың жоғарғы сатысына табиғи түрде көшеді және бұл «сыртқы біреудің итермелеуінсіз-ақ», яғни ешбір мәжбүрлеу шараларынсыз өздігінен іске асады деп есептеді [4, 158 б.].

Ағартушылар қазақтар надандықтан, адасушылықтың салдарынан дамуында артта қалды, озбырлыққа, әлеуметтік әділетсіздікке шыдады деп есептеді. Әділдік пен ізгілікке негізделген адамдар арасындағы қарым-қатынастың артықшылығын біліп, ақиқатты ұғынған қазақ адасудан бас тартып, ақыл-парасаттың талабына сай қоғам құруға келеді. Ақыл-ойдың құдіретті күшіне ағартушылардың сенімінің күштілігі соншалық, ол білімділігімен қоғамды өзгертетін билеуші идеалына алып келді. Ф.Энгельс ағартушылар еңбегінің осы жағына үлкен мән бере отырып, «қоғам мен мемлекеттің бұрынғы барлық формалары, барлық дәстүрлі идеялар негізсіз деп танылып, ескі қоқыс ретінде жойылды; Дүние осы уақытқа дейін тек наным-сенімдермен басқарылды, ал өткеннің бәрі тек аяушылық пен жек көрушілікке лайық. Енді күн алғаш рет көтерілді, пара-

сат патшалығы келді, енді ырымшылдық, әділетсіздік, артықшылықтар мен езгілер мәңгілік шындыққа, мәңгілік әділеттілікке, табиғаттың өзінен туындайтын теңдікке және адамның ажырамас құқықтарына орын беруі керек» - деп жазды [8, 190 б.].

Сонымен, қазақ ағартушыларына қоғамды, оның қозғаушы күштерін идеалистік тұрғыдан түсіну тән. Бірақ қазақ ағартушыларының ешқайсысында бұл түсініктің біртұтас концепцияға айналмағанын айта кеткен жөн. Ол әлеуметтік өмірді дәйекті және саналы түрде түсіндіретін негізгі қағида ретінде емес, тек олардың ойларының тенденциясы (әрине, маңызды) ретінде көрінеді. Қазақ ағартушылары адамның қоғамдық ойы мүдделермен анықталатынын жиі және табанды түрде айтып отырған.

Қоғамдық өмірді объективті түрде қарастыруға деген ұмтылыс оларды кейде идеализмге қарама-қарсы басқа болжамдарға алып келді, бұл олардың кейбір жағдайларда әлеуметтік өмірдің кейбір аспектілерін дұрыс түсінуге шынымен жақындай алғанын көрсетеді. Ең алдымен, идеялардың экономикалық мүдделерге байланысты екендігі анықталды. Ы.Алтынсарин қоғам дамуындағы ақыл-ойдың рөлі туралы айта отырып, әлеуметтік топтардың идеялары мен іс-әрекеттері экономикалық мүдделермен анықталады деп тұжырымдайды. «... мұқтаждық - басты тәлімгер», оның ықпалымен егіншілік, сауда, қолөнер сияқты әртүрлі экономикалық іс-әрекеттер пайда болады [4, 159 б.].

Дәл осы «мұқтаждық» қазақтарды отырықшылыққа көшуге мәжбүрлейді. Ы.Алтынсарин «Қазақ даласындағы аштық туралы» мақаласында «Торғай қазақтарының бұл бақытсыздығына, қазақ даласында халық тұрмысының тұрақсыз әдісі - мал шаруашылығын неғұрлым мықты егіншілікпен ауыстыру кезеңі туғандығын дәлелдейтін айқын материал деп есептеуге де болар еді» - деген [4, 157 б.]. Қазақ қоғамының дамуына, ағартушылардың пікірінше, көшпелі өмір салты кедергі келтіреді. Отырықшылық және онымен байланысты егіншілік қоғамның материалдық және моральдық ілгерілеуін қамтамасыз етеді, қолөнердің,

өнеркәсіптің, сауданың дамуына серпін береді және сонымен бірге, ең бастысы, білім беру ісін жандандырады. Абай «қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі...» оны егіншіліктен, саудадан, қолөнерден, ғылымнан аластатумен түсіндіреді. Бұл ой Абайдың қырық екінші қара сөздерінде анық көрінеді. Егер қазақ, деп жазады Абай, «...егін салса, иә саудаға салынса», оның жаман істерге бос уақыты болмас еді, бұл оның қоғамдық прогрестің шарты болып табылатын моральдық жағынан түзелуіне әкеліп соғатын, адамгершілік жағынан кемелденуіне алғышарттар жасайтын еді [4, 150-152 б.].

Қоғамды жақсартудың оның өмір сүруінің географиялық жағдайларына тәуелділігі туралы пікірлер де солай. Ы.Алтынсарин ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту, отырықшы өмір салтына көшу қажеттігін айта отырып, кей жерлердің «...топырағы сазды-сортаңды немесе көбінесе құмдауыт, келеді, бар өсімдігінің түрі - ащы жусан, климаты кереметтей құрғақ... Мұндай үйездердегі мүмкіндігі бар жалғыз кәсіп – бұл мал шаруашылығы» деп атап көрсетеді [3, 102 б.]. Ол бұл мәселені адамның негізгі материалдық қажеттіліктерін өтеу жағдайлары мәселесіне байланысты көтерді.

Ағартушылыққа тән белгілердің бірі – оның дінге қарсы сипаты. Феодализмді идеологиялық жеңу, ең алдымен, қалыптасқан жүйенің рухани тірегі болып табылатын діни идеологияға қарсы күресті білдіреді. Ағартушылықтың бұл ерекшелігі барлық ағартушылық ілімдерге, соның ішінде ХІХ – ХХ ғ. басындағы қазақ ағартушылығына да тән. Қазақ ағартушылығы әу бастан мұсылмандық теологияға қарсы күрес барысында пайда болып, дами бастады және бұл оның ерекшелігіне әсер етпей қоймады.

Бұл тұрғыда Абайдың мына бір тұжырымы қызықты: «Біз Алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хакім ақыл ерістіре алмады.

Аллатағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды [4, 117 б.].

Аланы болмысынан емес, көрінулерімен ғана тануға болады, бұл оны тану

мүмкін емес деген қорытындыға әкеледі. Абаймен бірге Ы.Алтынсарин «...бәрін жоқтан бар еткен бір құдіретті ие болса керек, біз көрмеген...» [3, 163 б.] – дейді. Бірақ мүлдем көрінбес нәрсенің бар екендігі туралы сенімді түрде айтуға бола ма? Әрине, жоқ.

Алланың басты қасиеті – жарату болса, ол да күмәнға ұшырайды, оның сырына «ешбір хакім ақыл ерістіре алмады» Қазақ ағартушыларының пайымдауынша, адам да жаратып, жасай алады: «...адам баласына пайдалы іс шығармақлығына, яғни электрді тауып, аспаннан жайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен қазір жауап алып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы... [4, 133 б.].

Ол адамды аянышты, әбігер жаратылыс иесі деген діни тұжырымды жоққа шығарады. Оның үстіне адамның өзі құдайдың көмегінсіз шындықты таниды, танып қана қоймай, әлемді қайта құруға қабілетті.

Құдай туралы пайымдаулар Абай шығармашылығында айтарлықтай орын алады. Оның да, Ы.Алтынсариннің де «Алла» ұғымына үңілу себебіне назар аудару керек сияқты. «Құдай» ұғымының мазмұнын Абай қайта түсіндіреді. Оның сөзінде былайша айтқанда, «...Ол (Алла)-Рахмет сипаты...», оны «Ғаклия (ақылмен, оймен түсіну) дәлелім...» [6, 120-121 бб.], Алланың бар екендігіне күмәндану қазақ ағартушыларында одан айтарлықтай ерекшеленетін құдай туралы түсініктің қалыптасуына ықпал етті.

Қазақ ағартушыларының құдай ұғымының айқын этикалық және әлеуметтік астары бар. Киелі нәрсеге сену, олардың ойынша, адамгершіліктің негізі болуы керек. Мұның бәрі олардың дінге қатысты екі жақты, қарама-қайшы ұстанымын білдіреді; бір жағынан, Ислам дінін пайдасыз, оның үстіне, зиянды деп теріске шығару, ол надан, соқыр сенуші адамдардың үлесінде, екінші жағынан, сенімнің қандай да бір түрін сақтап қалуға ұмтылу, бірақ қайта жасалған түрде, әділеттілік пен сүйіспеншілік түрінде, яғни, адамгершілікке сенім ретінде.

Дінге деген бұл екіұшты көзқарас Ы.Алтынсаринде де байқалады.

Ы.Алтынсарин «Шеше мен бала» әңгімесінде Құдай рахымдылық идеалы ретінде көрінеді, адамдар оған ұмтыла отырып, әрқашан «рахымды» болуы керек. [4, 74 б.]. Ол «Шарайтыл ислам» дін тарихы оқулығын құрастыру кезінде имандылық қағидалары туралы ой-пікірлерін жүзеге асыруға ұмтылды, онда дінді жалпы адамгершілік ілімдердің жиынтығы ретінде ұсынды [9, 6, 13-15, 49-56 бб.].

Қазақ ағартушылары шығармашылығы француз ағартушылығының аса көрнекті өкілдері Вольтер мен Руссоның еңбектерімен үндес. Француз деисттер ілімінің қайшылықтылығы, негізінен, дінді сынап отыра, бірақ оны салт-жоралар мен ғибадатханаларсыз, тек моральдық міндеттермен ғана сақтауға деген ұмтылыста көрінді, бұл жалпы, жоғарыда айтқанымыздай, қазақ ағартушыларына да тән. Діннің табиғаты мәселесінде қазақ ағартушылары француз ағартушыларымен салыстырғанда Фейербахқа жақынырақ; Л.Фейербахтың діні сияқты қазақ ағартушылары дінінің Вольтердің ақыл-ой діні мен Руссоның сезім дінінен өзгешілігі, ол да махаббат діні ретінде көрінеді.

Ислам аскетизмді уағыздайды, яғни. ақыреттің шексіздігі мен құдайдың құдіреттілігіне қарағанда жердегі, адамның қуаныштары елеусіз деп санайды. Адамның міндеті - сыртқы әлемге де, жер әлеміндегі барлық нәрсеге де қарсы тұру. Адам өмірінің мәні – реалды жерлік идеалдарды жүзеге асыруға ұмтылу емес, Алла Тағалаға үздіксіз қызмет ету, оның ризалығына ие болуға талмай ұмтылу.

Адам өмірінің мәні ретінде жеке бақытқа қол жеткізуді ислам ілімдері жоққа шығарады. Адам Аллаға құлшылық ету жолында жеке бақытын құрбан етуі керек. Ақыр дүниеде Алла Тағаламен қауышу құқығына ие болу – мүмкіндер үшін ең үлкен бақыт. Бұған тынымсыз дұға ету және діннің барлық нұсқауын орындау, жердегі азғыруларды қабылдамау арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Қазақ ағартушылары шығармашылығының гуманистік бағыты адамды табиғаттан тыс күштердің ықпалынан босатуға, өмірлік бақытқа жету мүмкіндігін көрсетуге ұмтылуынан көрінді.

Қазақ ойшылдарының этикалық көз-

қарастары өз мазмұны бойынша исламның моральдық ілімдерінен айырмашылығы аскеттік сипатта болған жоқ. Олар аскетизмді, жердегі игіліктерден, жердегі өмірде бақыт пен қуанышқа ұмтылудан бас тартуды қатаң айыптады.

Бұл оймен қазақтың ағартушы-педагогы Ы.Алтынсариннің этикалық көзқарастары да сипатталады. А.Уразбеков әділ атап өткендей: «Діни моральдың жалған, екіжүзді, ең жоғары қасиет – Аллаға деген сүйіспеншілік, жалған ақирет бақыты үшін жер бетінде азап шегу деген нұсқауларына қарама-қарсы, ол жердегі өмірде бақытқа жетудің жолдарын көрсетеді» [10, 73 б.].

Адамның табиғи сезімдері мен құмарлықтарын дәріптей отырып, қазақ ойшылдары француз ағартушылары сияқты бақытты адамның көзі тірісінде барынша көп ләззат, қуаныш, рахат алу, мүмкіндігінше азаптан арылуға деген ұмтылысы ретінде қарастырды. Ал мұсылмандық мораль азаптануды моральдық жетілудің ажырамас шарты деп жариялайды.

Қазақ ағартушыларының бақыт түсінігінің француз ағартушыларының бақытты гедонистік түсіндіруімен кейбір ұқсастықтарын көруге болады. Француз материализмінің бастапқы кезеңінде сезімдік ләззат адам бақытының ең жоғары немесе тіпті жалғыз түрі деп есептелді. Бұл идеяны Гольбах өз заманында жеңіп, сезім ләззаттарын саналы түрде бақылаусыз адам бақыты мүмкін емес деген қорытындыға келді. Гольбах сияқты қазақ ағартушылары да ақылдың бақылауындағы шектеулі ләззат туралы айтады.

Қазақ ағартушыларының басты ұстанымдарының бірі – өмір игілігін пайдаланудағы қанағат, шектілік. Олар байлардың бос жүріс-тұрысында, сән-салтанатында қызғанатын ешнәрсе жоқ деп есептейді. Көп күш жұмсамай-ақ өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік алатын бай адам өзінің пайдалылығын сезіну қуанышынан айырылады: зерігу, сағыныш және қанағатсыздық оның өмірінің сөзсіз серігі болып қалады. Мұндай өмір оның негізінде ақаулы. «...Күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға

нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен» [4, 104 б.], - деп жазды Ы.Алтынсарин. Адал еңбекпен тапқан дәулет қана адамға бақыт сыйлайтынын, өмірін толыққанды, жағымды ететінін көрсетеді.

А.Құнанбаев пен Ы.Алтынсариннің пікірінше, адамның шаруашылық іс-әрекетінің «бұлақтарының» бірі – байлыққа құштарлық. Бірақ олар еңбекші халықтың мүддесін қорғаушылар ретінде пайдакүнемдікпен, ашкөздікпен, ұрлықпен және осыған ұқсас басқа әдістермен жиналған байлыққа қарсы.

Ы.Алтынсарин өлшеусіз байлықтың моральдық сынын, оның әлеуметтік-саяси себептерін ашу бағытында терең-дете түсті. Олар билік иесінің шексіз деспотизмінен көрінеді:

*«Азған елдің хандары,
Тақ үстінде отырғандары.
Жарлыдан алып байларға,
Сыйлар берсе керекті»* [4, 13 б.].

Демек, қазақ ағартушылары үшін тым бай да, кедей де емес, әл-ауқаты өз еңбегімен қамтамасыз етілетін қоғам әлеуметтік мұрат болды. Бұл ұсақ тауар өндірушілер – шаруалар мен қолөнершілер қоғамы. Мұндай қоғамдық организм жеке меншіктің болуын болжайды, бұл оларға әрбір адамның еңбегінің табиғи нәтижесі болып көрінді. Осылайша, байлық билігіне наразылық, байлық иелерінің ашкөздігін және олардың кедейлердің мүдделерін ескергісі келмеуін айыптау жалпы демократиялық мазмұнға ие.

Қазақ ағартушылығының қоғамдық-саяси идеяларының тағы бір ерекшелігі далалық өлкенің экономикалық және мәдени дамуында артта қалуымен, патриархалдық-феодалдық қатынастар-дың ұзақ уақыт үстемдігінен туындаған қалың бұқараның надандығымен айқын-далды. Бұл туралы Ы. Алтынсарин:

*«Надандықтың белгісі-
Еш ақылға жарымас.
Жайылып жүрген айуандай
Ақ қараны танымас»* [4, 6 б.] – деп ащы өкінішпен жазса, ал Абай:
*«Наданның көңілін басып тұр
Қараңғылық пердесі.
Ақылдан бойы қашық тұр,*

Ойында бір-ақ шаруасы» [11, 127 б.] – деп тұжырымдады. Сондықтан да, сауатсыздықты жою, «білім беру» жалпы ағартушылық идеясы қазақ ағартушылығының іргетасы болды. Бұл идея барлық басқа мәселелерде көрінетін орталық идеяға айналды. Қазақ ағартушылығының антифеодалдық сипаты, оның патриархалдық-феодалдық қатынастарға қарсы бағытталуы негізінен осы мәселені шешумен айқындалады. Жалпы философиялық және социологиялық мәселелерді саралау және шешу негізінен осы ойды негіз-деуге бағытталған. Ыбырай:

*«Кел балалар оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!»* [4, 5 б.] – деп шақырса,

Абай:
*«Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге»* [11, 60 б.] – деп жазады.

Бұл өлең жолдарында білім беру, ғылыми білімді тарату, басқа халық-тардың озық мәдениеттерімен танысу мәселесін қоюдың өткірлігі сезіледі. Бұл идеялар 19 ғасырдың екінші жартысы – 20 ғасырдың басындағы қазақ ағартушылары – демократтарының бүкіл шығармашылығының өзегі болып табылды.

Егер орыс ағартушылары крепостық құқық пен оның қалдықтарын жою өзімен бірге жалпы игілік әкеледі деп қызу сенсе, қазақ ағартушылары қазақ халқына тек ағартушылық қана бақыт әкеледі деп сенді. Егер Ресейде әлеуметтік тұрғыда крепостық құқыққа қарсы күрес өткір мәселелердің бірі болса, Қазақстанда бұл надандықпен күрес мәселесі. Дәл осы күреспен ағартушылар өздерінің барлық ұмтылыстарын, болашаққа деген үміттерін байланыстырды. О.А.Сегізбаев: «Ы.Алтынсарин қазақтардың прогреске және ең жоғарғы мәдениетті қабылдауға қабілетті халық екендігіне терең сенімді еді. Мұны көпшілік мойындаған және іс жүзінде дәлелденген деп бірнеше рет тұжырымдады ол. Сонымен бірге ол қазақ халқы өркениеттіліктен әлі алыс, мәдениетсіздік пен надандықтан білімділік пен өркениетке «өтпелі күйде тұр» деп болжамдады. Және дәл осындай кезеңде

халық рухани азыққа ерекше мұқтаж» – деп тұжырымдайды [12, 215 б.].

Қорытынды

Қазақстанда ағартушылықтың пайда болуы ХІХ-ХХ ғ.ғ. – орта жартысындағы өлкенің өмірлік маңызды әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыратын табиғи және заңды құбылыс болды. Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, капиталистік қатынастардың таралуы, қалыптасқан жүйенің негіздерінің шайқалуына әкеліп, рухани мәдениеттің жаңаруын, оның идеялық жағынан қайта жарақтануын тудырады. Бұл процестің негізін ағартушылық идеологиясы мен ағартушылық философиясы құрады.

Қазақ ағартушылығы – жалпы ағартушылықтың тарихи болмысының ерекше, ұлттық формасының бірі. Оның қалыптасуы далалық өлкенің әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайларымен, ұлттық мәдениеттің қалыптасуымен, ұлттық өзіндік сананың пайда болуымен тікелей байланысты, сондықтан оның өзіндік ерекшеліктері бар. Бірақ осының бәрімен ол жалпы тарихи процестің өзіндік ерекше көрінісі.

Бұл кезеңдегі Қазақстан философиясы өзінің табиғаты мен мәні бойынша ағартушылық философия болды. Орыс және батыс еуропалық философияға қарағанда Қазақстанның ағартушылық философиясы ағартушылық идеологияның негізгі антифеодалдық талабы – ғылыми білімді тарату, халық ағарту ісін негіздеуге бағытталған. Бұл қазақ ағартушылары да жоғарыда аталған ха-лықтардың ағартушылары сияқты ақыл-ойға жүгінеді, әр нәрсені, ең алдымен сол кездегі қоғамдық өмірді ұтымды қарастыруға тек ғылыми білімді игеру барысында ғана мүмкін болатындығын түсіндіреді.

Ы.Алтынсарин ағартушылық ілімінің өкілі болып табылады. Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогінің шығармашылығын жалпы ағартушылық ілімінің аясында қарастыру, оның философиялық көзқарастарын анықтай да айқындай түсуге мүмкіндік береді. Ы.Алтынсарин әлеуметтік-тарихи өзекті сұрақтарға жауап іздеу барысында прогреске деген зек

келген ұмтылысқа қарсы тұратын үстемдік етуші патриархалдық-феодалдық идеология мен діни көзқарастарға қарсы шықты. Ол ілгерілеу жолын діннен, қалыптасқан әлеуметтік қатынастардан емес, білім мен ғылымнан, ағартушылықтан көрді. Мұндай тұрғы біздің заманымызда да тағылымды және өзекті.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Есим Ф. Хаким Абай. – Астана, Фолиант, 2012. – 384 с.
- 2 Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). Қазақтың ағартушылық философиясы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. – 388 б.
- 3 Энгельс Ф. Анти-Дюринг: Общие замечания. Соч., 2-е изд. Т. 20. – 16-27 с.
- 4 Алтынсарин Ы. Кел, балалар оқылық. – Алматы, Атамұра, 2006. – 168 б.
- 5 Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясы. – Алматы, Раритет, 2011. – 280 б.
- 6 Құнанбаев А. Қарасөз: Факлия. – Семей, Ролан Сейсенбаев баспасы, 2020. – 224 б.
- 7 Ойзерман Т.И. Проблемы историко-философской науки. – М., Мысль, 1982. – 301 с.
- 8 Энгельс Ф. Развитие социализма от утопии к науке. Соч., 2-е изд. Т.19. – С. 189-202.
- 9 Алтынсарин И. Шарайтыл ислам. – Оренбург, 1894. – 116 б.
- 10 Уразбеков А. Этические воззрения И.Алтынсарина. – Алма-Ата, Наука, 1974. – 111 б.
- 11 Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы. – 2005. – 296 б.
- 12 Серізбаев О.А. Қазақ философиясының тарихы (Ежелгі түсініктерден ХІХ-ХХ ғасырдың бірінші жартысының ілімдеріне дейін). – Алматы, Қазақ университеті, 2017. – 330 б.

Transliteration

- 1 Esim G. Hakim Abai [Hakim Abai]. – Astana, Foliant, 2012. – 384 s. (in Kaz)
- 2 Qazaq filosofijasy tarihy (ezhelgi dauirden qazirgi zamanga deyin). Qazaqtny agartushylyq filosofijasy [History of Kazakh philosophy (from ancient times to modern times). Kazakh philosophy of education]. – Almaty: QR BGM GK Filosofija, sajasattanu zhane dintanu instituty, 2015. – 388 b. (in Kaz)
- 3 Jengel's F. Anti-Djuring: Obshhie zamechanija [Anti-Dühring: General remarks]. Soch., 2-e izd. T. 20. – 16-27 s. (in Russ)
- 4 Altynsarin Y. Kel, balalar oqylyq [Come, children, let's read]. – Almaty, Atamura, 2006. – 168 b. (in Kaz)
- 5 Gabitov T.H. Qazaq filosofijasy [The Kazakh philosophy]. – Almaty, Raritet, 2011. – 280 b. (in Kaz)
- 6 Qunanbaev A. Qarasoz: Gaklija [The Book of Words: Ghaklija]. – Semej, Rolan Sejsenbaev baspasy, 2020. – 224 b. (in Kaz)
- 7 Ojzerman T.I. Problemy istoriko-filosofskoj nauki [The problem of historical and philosophical science]. – M., Mysl', 1982. – 301 s. (in Russ)
- 8 Jengel's F. Razvitiye socializma ot utopii k nauke [Development of socialism from utopia to science]. Soch., 2-e izd. T.19. – S. 189-202. (in Russ)
- 9 Altynsarin I. Sharajtyl islam [Good Islam]. – Orenburg, 1894. – 116 b. (in Kaz)
- 10 Urazbekov A. Jetcheskie vozzrenija I.Altynsari-

na [Ethical views of I. Altynsarina]. – Alma-Ata, Nauka, 1974. – 111 b. (in Russ)

11 Abai. Shygarmalarynyn eki tomdyq tolyq zhi-nagy [Complete two-volume collection of his works]. T. 1: Olender men audarmalar. – Almaty, Zhazushy. – 2005. – 296 b. (in Kaz)

12 Segizbaev O.A. Qazaq filosofijasynyn tari-hy (Ezhelgi tusinikterden XIX-XX gasyrdyn birinshi zhartyсынyn ilimderine dejin) [History of Kazakh phi-losophy (from ancient concepts to the teachings of the first half of the XIX-XX centuries)]. – Almaty, Qa-zaq universiteti, 2017. – 330 b. (in Kaz)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Расилхан Ербосынович Джуншеев

доцент, философия ғылымдарының кандидаты, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан, email: zhunshev@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-5792-7582>

Эльмира Джамбуловна Куандықова

аға оқытушы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан, email: e-kuandykova@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-2855-5430>

Гавхар Курманбековна Мусабекова

аға оқытушы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан, email: mgm_7@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-9896-6847>

Расилхан Ербосынович Джуншеев

доцент, кандидат философских наук, Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати, Тараз, Казахстан, email: zhunshev@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-5792-7582>

Эльмира Джамбуловна Куандықова

старший преподаватель, Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати, Тараз, Казахстан, email: e-kuandykova@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-2855-5430>

Гавхар Курманбековна Мусабекова

старший преподаватель, Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати, Тараз, Казахстан, email: mgm_7@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-9896-6847>

Rasilkhan Dzhunsheev

Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan, email: zhunshev@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-5792-7582>

Elmira Kuandykova

Senior Lecturer, M.Kh.Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan, email: e-kuandykova@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-2855-5430>

Gavkhar Mussabekova

Senior Lecturer, M.Kh.Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan, email: mgm_7@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-9896-6847>

